



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.07.2026 жыл

№ 10, 3-т.

Мүшелік ұйымдарда «Кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай реестрі (тізілімі)» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру жұмысының жай-күйі туралы.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан цифрлық трансформациялау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру. Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан цифрлық трансформациялау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру, Кәсіподақтың XV Съезінде қабылданған Бағдарламаның стратегиялық бағыттарын басшылыққа ала отырып, кәсіподақ мүшелерін есепке алудың заманауи цифрлық жүйесін қалыптастыру және статистикалық есептілікті автоматтандыру мақсатында заманауи цифрлық технологияларды кәсіподақ қызметіне енгізу, сондай-ақ Салалық кәсіподақта мүшелерді есепке алу жүйесін жетілдіру және статистикалық есептілікті автоматтандыру мақсатында Орталық комитет аппараты мен мүшелік ұйымдар тарапынан «Кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай реестрі (тізілімі)» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (ААЖ) толтыру бойынша белгілі бір жұмыстар атқарылды.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді оңтайландыру және ақпаратты енгізу тетіктерін жеңілдетіп, біріздендіру мақсатында әзірлеушілермен бірлескен түзетулер енгізілді. Нәтижесінде бүгінгі күні электрондық базаға сәтті өңделген 123 038 кәсіподақ мүшесінің дербес деректері жүктелді. Бұл бағытта Қызылорда, Ақтөбе, Абай облыстық ұйымдары мен Алматы қалалық («Ұстаз» және қалалық ұйым) кәсіподақ ұйымдары жоғары жауапкершілік танытып, мәліметтерді талапқа сай енгізді.

Сонымен қатар, Атқару комитеті мүшелік ұйымдар тарапынан Орталық комитетке жолданатын бастапқы ақпараттық файлдардың сапасы әлі де төмен деңгейде екенін атап өтеді. Көптеген жағдайларда мәліметтерді толтыру кезінде бекітілген талаптар бұзылған, деректердің жазылуында қателер жіберілген, дубликаттар мен сәйкессіздіктер орын алған. Бұл кемшіліктер автоматты түрде жүктеуге кедергі келтіріп, Орталық комитет

аппаратының әрбір жазбаны қолмен тексеріп, түзетуіне, сәйкесінше жұмыс уақытының созылуына әкеп соқтыруда. Атап айтқанда, ауылдық жерлерде орналасқан бастауыш кәсіподақ ұйымдарында әдістемелік және практикалық көмектің жеткіліксіздігі байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және электрондық базаны қалыптастыру жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүшелік ұйымдарда «Кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай реестрі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру барысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Дербес мәліметтерді бекітілген талаптарға сай сапалы дайындап, базаға сәтті жүктеген Қызылорда, Ақтөбе, Абай облыстық және Алматы қалалық («Ұстаз», Алматы қ. ұйымы) мүшелік ұйымдарының оң жұмыс тәжірибесі атап өтілсін.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқару органдарына:

- Базаны толтыру және өзектендіру кезеңінде жауапты қызметкерлерді басқа тапсырмалардан барынша босатып, тек осы бағытқа шоғырлануын қамтамасыз ету;

- Бастауыш кәсіподақ ұйымдарына, әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан ұйымдарға дербес деректер қорын дайындау мен толтыру бойынша әдістемелік және практикалық көмек ұйымдастыруды күшейту;

- Мәліметтерді Орталық комитетке жолдағанға дейін олардың толықтығы мен шынайылығына ішкі бақылауды қатаңдатып, алдын ала тексеру жүргізу;

- Ақпараттық жүйені әзірлеушілермен және Орталық комитет аппаратының жауапты мамандарымен тұрақты әрі жедел байланысты қамтамасыз ету жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева